

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ МЕН ОНЫ АЛДЫН АЛУ

Қанатқызы Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
заң факультеті, Ю-22-3к топ, студент

Ғылымы жетекші: Өзбеков Д.Ө., Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының
профессорының ассистенті, заң ғылымының кандидаты

Қазіргі уақытта қоғам өзекті мәселелерді ауқымды түрде қарастыруды қолға алды. Негізділерге көз салсақ олар қоғам ішіндегі ірі институттар мен бағыттар арасы, әсіресе ішіндегі Отбасы және Неке, Экономика, Дін тақырыптары болып келеді. Бәлкім қоғам көзі соларға назар аударуымен, дәл бала тарбиесі мен құқығы, оның қорғалуы қызу талқылануға жатпайды. Жалпылама қарастырсақ әрине, 1989 жылы Ассамблея балалар құқықтары жөнінде алғаш Конвенция қарастырған. Алайда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, 5 жасқа дейінгі әр 10 баланың 6-уы ата-анасы немесе тәрбиешісі тарапынан физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Сонымен қатар, әр бесінші әйел мен әр жетінші ер адам балалық шағында жыныстық зорлық-зомбылық көрген болып есептелген. [1] Егерде бұл статистика балалық шағында өз тәжірибесінде зорлық-зомбылықпен кездескен адамдар айтуы арқылы қалыптасса, әліде бұл тақырыпты мойындамаған не айта алмаған адам санын ескерсек жиілік әрбір бесінші емес, үшінші не екінші болуы мүмкін екендігі бәріне мәлім. Шынымен де, бұл қоғамның айтылмайтын тақырыбы үлкен дискуссия тудыруы мүмкін. Негізгі назар дәл бала құқығы мен оның қорғалуында болса, басқа институттарда ауқымды мәселелер болмауы да мүмкін еді.

Менің ойымша бұл жағдай жылдар өте келе тек алаңдаушылық туғызады. ЮНИСЕФ жүргізген зерттеуге сәйкес, елдегі ересек халықтың үштен екісі балаларға психологиялық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрсеткенін мойындайды. [2] Бұдан бөлек, көптеген қазақстандықтар балаларды дене жазасымен қазіргі күнде тәрбиелейді не көз жұма қарайды, туыстық қатынас пен жеке шекараны дұрыс қалыптастырмайды, ал балаларға қарсы зорлық-зомбылық 80-90% арасы дәл отбасы мүшесі не жақын адамынан болады. Бұл фактілер қоғамдағы көзқарасты өзгертудің маңыздылығын көрсетеді, соған қарамастан ересектердің көбі бұл тақырыпқа қызығушылық артпайды.

Балалар арасындағы зорлық-зомбылық – бүгінгі қоғамның ең өзекті әрі алаңдатарлық мәселесі. Бұл кез келген жерде, мектепте, көшеде, үйде немесе тіпті әлеуметтік желіде орын алады. Балалардың психологиялық және физикалық денсаулығына ауыр зиян келтірумен қатар, болашағына ауыртпалық түсіртеді. Бұл “айтылмайтын” мәселе жеке отбасылар ішінде немесе тек мектептердің назарындағы проблема емес, тұтас қоғамға және оның фундаментінің нық қалануына әсер ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін заңнаманы жетілдірумен қатар, ата-аналар, мұғалімдер және бүкіл қоғам бірігіп әрекет етуі қажет. Ал ол үшін, бұл тақырыпты талқыға түсіріп, назар аудару бастаған жөн.

Зорлық-зомбылық бағыты мен әрекетіне сәйкес бірнеше формада қалыптасады, олар:

1) “Физикалық зорлық-зомбылық” – бұл агрессия мен әрекет арқылы бала денесін ұрып-соғу, итеру, денеге зақым келтіру. Мында ерекшілік – бастау физикалық түрде болуына қарамастан, ол баланың өз-өзіне не үлкендерге сенімділік жоғалуымен қатар қорқыныш сезімінің күшеюіне, үрей болуына әкеп соғады.

2) “Психологиялық зорлық-зомбылық” – ол қорқыту, мазақ ету немесе қорлау арқылы қалыптасады. Бұл баланың өзін шеттетілген немесе төмен сезінуіне, күйзеліске ұшырауына, кейде өзіне қол жұмсауға дейін баруына себеп болуы мүмкін. Бұндай зорлық-зомбылық әсері баланы эмоционалды түрде бірқалыпты өсіп жетілуіне бастамашы қадам десекте болар.

3) “Кибербуллинг” (интернет желісіндегі зорлық-зомбылық) – әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы қорлау, жала жабу, бопсалау мен мазақ ету де кіре береді. Соңғы жылдары балалар көп уақытын онлайн кеңістікте өткізетіндіктен, бұл мәселе өте өзекті болып келеді. Жиі екі жақта жасты адамдар, не бір жақта өзінің ересек екенін жасыратын адам мен сенуші бала болады. Мындағы ең басты термин ретінде “Манипуляцияны” алсақ та болады.

4) “Экономикалық зорлық-зомбылық” – ақша талап ету, материалдық ресурстардан шектеу немесе мәжбүрлі түрде жұмыс істеуге итермелеу. Балаға өмір сүргені үшін міндеттемелер жүктеп, материалды тиімділіктерін орындатып, оны экономикалық түрде қысымға ұшырату.

Бұл түрлердің барлығы баланың эмоционалдық, психологиялық және әлеуметтік дамуына теріс ықпал етіп, олардың болашақ өміріне кері әсерін тигізеді. Ал барлық балалар болашақта ересектер қатарың толтыратының ескерген жөн. [3]

Бұл тақырыптың себептерің қарастыратын болсақ, кең таралған бірнеше факторларды алсақ болады. Олар:

1)Отбасылық тәрбие – егер бала отбасында зорлық-зомбылыққа куә болса немесе оған өзі ұшыраса, ол агрессивті мінез-құлықты қалыпты нәрсе ретінде қабылдауы мүмкін. Жеке шегарасының бұзылуын “норма” ретінде қабылдау мен қатар тым пассивті бола алады..

2)Қоғам мен мектептің рөлі – мұғалімдер мен ата-аналардың немқұрайлығы, тиісті бақылау болмауы балалардың зорлық-зомбылыққа бейімделуіне ықпал етеді. Шынымен, рөлдерге бөлсек әрқашан мұғалімдер балаға қарсы, не ұлдар қыздарға қарсы топтастырылып қалуы ішінде сенімділігі бар орта қалыптастыра алмай, зорлық бастамалырының байқалмауына әкеп соға алады.

3)Интернет пен әлеуметтік желілердің әсері – зорлық-зомбылықты насихаттайтын контенттер балалардың агрессиясын күшейтіп, олардың бір-біріне қатыгездік көрсетуіне түрткі болады. Соңғы уақытта біз медианы “төртінші күш” ретінде қабылдап дұрыс бақылауға мүлде түсіргіміз келмейді. Ал, кері насихатқа толы контент дәл психикасы әлі толық дамымаған, енді қалыптасып келе жатқан балаларға қарай өндірілетіндігі айқын.

4)Құқықтық реттеудің әлсіздігі – кейбір жағдайларда балалардың құқықтары толық қорғалмайды, ал заң бұзушылар тиісті жазаға тартылмайды. Бәлкім ол қоғамның “ұялту, қоя салу, не үндемету” әсерінен, не бала арасы толыққанды сенім қалыптаспауынан болуы мүмкін. Ал барлығымыз білетіндей, өздігінен іс қозғалмайды, оған міндетті түрде негіз бен жәбірленуші қажет.

Балалар арасындағы зорлық-зомбылықпен күресу үшін кешенді шаралар қажет екендігі бәрімізге мәлім, көптеген психологтар ата-анасына арнайы “беседа” жүргізу арқылы оларға қорғалу немесе айту жолдарын түсіндіруге кеңес береді. Әсіресе кез келген ересекпен құпия мүлде қалыптаспау керек екендігін жадта сақтаған маңызды.

Бұл ойларға байланысты реттеу шараларына қосымша ұсыныстарым:

1)Құқықтық жауапкершілікті күшейту – балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасаған тұлғаларға қатаң жаза қолдану. Тек белгілі бір мерзім емес, қоса кастрирование не балалардан изоляция орнату керек. Егер ересекте балаға байланысты мораль мен гуманизм болмаса не себепті бізде оған қарай гуманизм болуы керек? Бұл ойды моральдық тұрғыдан қоғам әлі де анықтай алмады. Ақыры біз жай ғана қоғамнан оқшаулау арқылы оны шектететін болсақ, зорлық-зомбылыққа ұшыраған баланың психикасын бастапқы қалыпқа әкелу мүмкін емес деп санаймын.

2)Мектептерде қауіпсіз орта қалыптастыру – мұғалімдер мен психологтарды арнайы даярлау, зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту. Балаларға сенімді орта мен атмосфера жасау және қолдау көрсету. Психологтар сенімі бойынша, адамға көмектесе алудың ең алғаш қадамы ол сенім қалыптастыру.

3)Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру – отбасында дұрыс тәрбие беруді насихаттау, ата-аналарға арналған арнайы тренинг сабақтар ұйымдастыру. Біздің қоғамда қазіргі күнге дейін ата ана мен бала арасы кей отбасыларда дұрыс қалыптаспауы мен қатар арасында ашық әңгімелер болмайды. Олар бұның барлығы мүмкін емес немесе менталитетінен жат тақырып деп қабылдайды.

4)Балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру – олар өздерін қалай қорғау керектігін, кімнен көмек сұрауға болатынын білуі тиіс. Егерде біз мектеп программасына, әсіресе “Құқықтану” пәніне терең назар аударсақ негізгі талқыланушы тақырып мемлекеттің тәуелсіздігі мен құрылысы, Президенті туралы ғана екенін байқай аламыз. Көп жасөспірімдер 9 сыныпта ғана Биология пәнінде жыныстық тәрбиені өте отырып, толыққанды атаулардан тыс қорғану мен жауапкершілік процессі туралы тыңдай алады. Алайда еске түсіретін болсақ, қоғамның бірәз бөлігі бастамасында оған қарсылық білдіріп, агрессивті кері байланыс көрсеткен.

Балалар арасындағы зорлық-зомбылық қарастыра кеткеніміздей өте күрделі мәселе, ол жылдар бойы келе жатқан қоғам ішіндегі өршіп бара жатқан импульс. Ешкім оған назар аударғысы келмейді, бірақ оған қарамастан бұл тақырып орны болған және бар. Оған көз жұма қарау – болашақ ұрпақтың денсаулығы мен психологиялық әл-ауқатына қауіп төндірумен тең. Бұндай темппен бізде қоғам фундаменттен бастамалы түрде дұрыс қалыптаспаған десекте болар. Барлығымыз “Отан-Отбасыдан басталады” деп жар салып жеңіл айта саламыз, бірақ назар аударсақ бұл жай үш сөзде қаншама жауап бар. Сондықтан әрбір ата-ана, мұғалім, заңгер және мемлекеттік органдар балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға атсалысуы керек, балармен

сөйлесуіміз қажет. Бала – біздің болашағымыз, ал олардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау – біздің ортақ міндетіміз деп санаймын. Сол себепті бұл тақырыпты ашық талқылауды өзімізден бастауымыз қажет.

Әдебиет:

1. Mpek.by // <https://mpek.by/wp-content/uploads/docs/vidnas.pdf>
2. Unicef.org // https://www.unicef.org/kazakhstan/media/201/file/Результаты%20национального%20исследования%20ЮНИСЕФ%20по%20насилию%20в%20Казахстане%20%22Знания-Отношения-Практика%22.pdf?utm_source=chatgpt.com
3. Egov.kz // <https://www.gov.kz/memleket/entities/s/education/press/news/details/228923?lang=ru>
4. Who.int // <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/child-maltreatment>

ПРАВОВЫЕ И ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВОЗВРАТА НЕЗАКОННЫХ АКТИВОВ

Кусаинова Л.К., профессор кафедры уголовного права, процесса и криминалистики
Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, к.ю.н.,
Толуштай А.О., магистрант 1 курса юридического факультета
Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова

Перемещение полученных незаконным путем денежных средств и иных активов представляет угрозу экономической и национальной безопасности государств, не является исключением и Республики Казахстан. Криминальные механизмы вывода денег за границу совершенствуются и дополняются новыми технологическими инструментами. Взаимосвязанное и предикатное преступление в контексте рассматриваемой темы – это легализация незаконных доходов, добытых преступным путем.

Рассматриваемые виды преступных деяний являются не только угрозой безопасности государству, но и имеют региональную и глобальную угрозу, и признаются международным сообществом как преступления транснационального характера. В этой связи государства в целях противодействия выводу незаконных активов на границу создают институциональные механизмы и формируют правовые основы, как на уровне государства, так и на межгосударственном уровне.

С целью унификации и гармонизации правовых основ противодействия данным преступлениям государства заключают международные договоры, которые оказывают существенное влияние и на внутригосударственные правовые нормы, так как процессы имплементации международных актов позволяют совершенствовать право государства. Одной из таких и значимых конвенций является Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности 2000 года [1]. Другой международный акт в данной сфере – это Конвенция ООН против коррупции 2003 года [2], участниками которой являются 187 государств, в том числе и Республика Казахстан. Значимость названных международных актов заключается в том, что они предусматривают обязательства государств сотрудничать в рамках правовой помощи при раскрытии и расследовании преступлений, связанных с незаконным вывозом за границу государственных активов. Кроме этого, согласно договорам государства должны принимать превентивные меры по противодействию выводу незаконных активов за границу, а также противодействию их легализации.

К другим международным актам, предусматривающим правовые и институциональные механизмы возврата незаконных активов государству, являются: Международная конвенция о борьбе с подделкой денежных знаков 1929 года; Единая конвенция о наркотических средствах 1961 года; Конвенция о психотропных веществах 1971 года; Конвенция о борьбе против незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ 1988 года; Международная конвенция о борьбе с финансированием терроризма 1999 года и другие.

В Республике Казахстан принимаются меры борьбы с незаконным выводом активов за границу, а также противодействием легализации незаконных доходов. К числу важных документов в данной сфере можно отнести: Уголовный кодекс Республики Казахстан 2014 года; Закон Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем и финансированию терроризма» от 28 августа 2009 года № 191-IV; Закон